




«Келісемін» 
Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығы директоры
Д.Жаманбаева




«Бекітемін» 
«Болашақ» Бестамақ балалар
бақшасының меңгерушісі
Л.Б.Курманова

«МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН»

облыстық шығармашылық шеберхана жұмысының
Ж О С П А Р Ы

Шеберхана жетекшісі: Косанова Гүльмира Сабидуллаевна, Алға ауданы
«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

2025-2026 оқу жылы



Педагогикалық шеберхана бағдарламасының негізі жаңа көзқарасты педагог үздіксіз қалыптастыру тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңына» сәйкес негізделіп жасалған.

Құрастырған: Косанова Гульмира Сабидуллаевна, Алға ауданы «Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының тәрбиешісі

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының әдістемелік кеңесі отырысында «МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН» тақырыбындағы шығармашылық шеберхана жоспары мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру әдістемесі бойынша талқыланды.

Хаттама № 1 «29» _____ 2025 жыл

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасының меңгерушісі:  Курманова Л.Б.



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы комиссиясының отырысында «МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН» тақырыбындағы шеберхана бағдарламасы мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру әдістемесі бойынша мақұлданды.

Хаттама № « » _____ 2025 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:



(КОЛЫ)

(АТЫ-ЖӨНІ)

Түсінік хат

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп асқақ арманмен бабаларымыз бізге үлкен үміт артқан. Біз ата-баба үмітіне үкі таға отырып, болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі күн талабы.

Этнопедагогика жалпы педагогиканың бір саласы. Бүгінгі таңда қазақ этнопедагогикасы үлкен жетістікке жетіп, ғылыми зерттеу объектісінің тұрақты екендігін дәлелдеді. Этнопедагогиканың әрбір саласы дүниені тану, оның пайда болуын білуге ұмтылу, адамның өміріндегі алатын орнына үңілу, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау сияқты дүниетанымның негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындықтан дүниетанымның негізі де осы жаста қаланады. Дүниетаным дегеніміз-қоршаған ортаны түсіну процесі. Яғни адамдар әлеуметтік ортаға деген көзқарасын жүйелеп, дүниені түсіну және дүниені өзгертуде дүниетаным түсінігінен нәр алады.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Білім туралы» Заңына және «Білім» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің Ұлттық үлгісін дамытуға жағдай жасау жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылуда. Халқымыздың баға жетпес мұралары зерттеліп, оқу-тәрбиелеу үрдісінде қолданып келеді.

Дүниетанымның іргетасы төл мәдениетті терең білуден басталады. Мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды танып, сыры мен қырына үңіле түседі. Осы жастағы балалардың дүниетанымын қалыптастыруда қазақ балалар фольклорының, салт-дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындардың және ұлттық өлке табиғатымен таныстырудың маңызы ерекше. Қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізетін құнды мұраларымызды іске асыруда балабақшамызда «МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН» шығармашылық шеберхана жоспарының этнопедагогика бағыты бойынша мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс тәжірибесіне белсенді енгізу.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі балалардың дүниетанымын қазақ балалар фольклоры, салт – дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындар және ұлттық өлке табиғатымен таныстыру негізінде қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ұлттық құндылықтардың бала дүниетанымын қалыптастырудағы маңызын айқындау;

- Қазақ этнопедагогикасын әр іс-әрекетке тиімді қолданудың жолдарын қарастыру;
- Балалардың халқымыздың асыл мұраларына деген қызығушылықтарын арттыру, қастерлей білуге үйрету;
- Қазақтың салт дәстүрлерімен таныстыру, олардың тәрбиелік тағылымын балалардың бойларына сіңіру;

Шығармашылық шеберхананы қолданудың басты артықшылығы

«Мен елімді сүйемін» шығармашылық шеберхана жұмысының барысында: Әр іс-әрекеттерде берілген материалдар баланың дүниетанымын қалыптастырумен бірге тілін дамытады, көңіл-күйін көтереді, ұлттық құндылықтарға деген белсенділіктерін арттырады, қоршаған әлем туралы білімін кеңейте түседі.

- Балалар этнопедагогиканың әрбір саласы дүниені тану, оның пайда болуын білуге ұмтылу, адамның өміріндегі алатын орнына үнілу, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау сияқты дүниетанымның негізін қалыптастыру туралы нақты түсінік алады.
- Баланың тілі дамиды, өйткені ол көргендері туралы есеп беріп, анықталған заңдылықтар мен тұжырымдарды тұжырымдауы керек.
- Ақыл-ой дағдылары ретінде қарастырылатын ақыл-ой әдістері мен операциялары қорының жинақталуы бар.

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру процесінде балалар шығармашылық шеберхана арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, қызығушылығын тудырады, ойлау операцияларын дамытады. Баланың танымдық, шығармашылық белсенділігі мен қызығушылығын оятады. Бағдарламаның жетекші идеясы-мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, коммуникативтілік, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін жасына сәйкес шығармашылық шеберхана қызметін ұйымдастыру.

Өзектілігі: Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан дүниесін, мінез-құлқын, патриоттық сезімдерін қалыптастырады. Жаңылтпаштың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әр баланың тілін ширатып, әрі ой-өрісін кеңейтеді. Жұмбақтар баланы ойын, қиялын шарықтатып, танымдық, логикалық қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді, адамгершілікке, сұлулыққа, тапқырлыққа, еңбек сүйіспеншілікке әдет-ғұрыптарды қастерлеуге тәрбиелейді. Балалардың шығармашылық белсенділік, тәуелсіздік, өзін-өзі тану және ұжымда жұмыс істей білу сияқты маңызды жеке қасиеттерді дамытудың тиімді құралы. Осылайша бала бойына халықтық педагогика негізінде ұлттық құндылықтарды сіңіру, халқымыздың ең жоғары тәрбие принциптерінің негізінде тәрбие беруді мектепке дейінгі мекеме қабырғасынан бастаудың өзектілігі айқындалады.

Шеберхана жұмысының әдістері мен түрлері

Шебер - класс өткізу кезеңінде атқарылатын жұмыс әдістері мен түрлері дәстүрлі жағдайда және тұлғаға бағытталған негізде жүзеге асырылады

Дәстүрлі	Тұлғаға бағытталған
Семинар-практикумдар Диспуттар Консультациялар Іс-әрекеттерге қатысу, өзіндік талдау	Кәсіби әңгіме Көшбасшылық Тәлімгерлік Іскерлік ойындар Педагогикалық ринг Туындаған жаңа жоба, ойларды қорғау

«МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН»

атты педагогикалық шығармашылық шеберхананың жұмыс

Ж О С П А Р Ы

2025 - 2026 оқу жылы

Қызмет бағыты №	Жұмыс мазмұны мен түрлері	Әдіс түрі	Мерзімі	Жауапты
№1 отырыс	1. Ұйымдастыру бөлімі. Шеберханаға қатысушылар тізімімен танысу, анкета толтыру. 2. Шеберхананың ашылуы. 3. «Бала тәрбиесіндегі халық педагогикасының маңызы» 4. «Ел ертеңі – жас ұрпақ» тақырыбындағы шеберхана жетекшісінің педагогикалық презентациясы.	анкета флэш-тренингтер кәсіби диалог презентац ия	қараша 2025 ж	Косанова Г.С Курманова Л.Б
№2 отырыс	1. «Әдемі моншақтар» кіріктірілген ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті 2. «Көпіршік бетіндегі бейне» тақырыбында шеберлік сағат 3. «Ұлттық ойындар алаңында» тәрбиешілерге арналған іскерлік ойын	ҰОІӘ шеберлік сағаты кәсіби диалог	қаңтар 2026ж	Косанова Г.С Бекенова Г.Ж Нұрмухан Б.Ө шеберхана топ мүшелері
№3 отырыс	1. «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда ұлттық бұйымдарды қолдану» 2. «Атадан өсиет, анадан қасиет» ата-аналармен этноклуб жұмысын көрсету 3. «Заманауи тәрбиешінің рөлі» тақырыптық тапсырма	коучинг шеберлік сағаты	Наурыз 2026ж	Косанова Г.С Шинтасова С.О Шамшина Н.М шеберхана топ мүшелері
№4 отырыс	1. «Мен елімді сүйемін» тақырыбындағы педагогикалық шеберхана жұмысын қорытындылау (презентация) 2. Шеберхана маған не берді? - сауалнама	Жоба қорғау сауалнама	Мамыр 2026 ж	Косанова Г.С